

СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ
СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – И НАРОДНОЕ ВОСПИТАНИЕ
СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ И ПЕРИОДИЧЕСКАЯ ПЕЧАТЬ

**АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ
БҰҚАРАЛЫҚ СИПАТЫ**

Күрдебай А.А.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ

Журналистика бөлімінің магистранты

Ғылыми кеңесші: Асанов Қ.Д.

Фил. ғ. д., профессор

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ

Қарағанды қ., Қазақстан

Журналистиканың негізгі қызметі аудиторияға әсер ету. Ақпараттық функция- БАҚ-тың негізгі функциясы, ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді. Аналитикалық функция саяси процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға және жағдайды кәсіби деңгейде болжауға, балама туралы айтуға мүмкіндік береді. Инновация функциясы болжам жасай алатын сарапшылармен ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Бұл жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары мәселені шешудегі ең үздік нұсқаларды таңдауға қабілетті. Яғни ол тек білікті мамандар үшін ғана емес, кең жұртшылық үшін де қолжетімді, еркін пікірталасқа жағдай жасайды. Егер біз БАҚ-ты «төртінші билік» деп айтатын болсақ, сын және бақылау функциясы басым мәнге ие болады. Жоғарыда аталған барлық функциялардың бір мақсаты - саяси және әлеуметтік жүйелердің өзара іс-қимылын, саяси процестің ашықтығын объективті түрде ұсыну. Осы функцияларды нақты іске асыру аналитикалық журналистиканы сапалы етуге және объективтілік деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларды жаңалықтар сияқты телеарнаның «беті» деп атауға болады. [1.79] Бірақ жаңалықтар шығарылымы болған оқиғаны объективті хабарлап, одан жоғары тұруға тырысса – ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар болған оқиғаға қатысты субъективті көзқарас танытады, еркін пікір білдіріп, фактіні ішінен қарастырады. Бұл бағдарламалар күн, апта немесе ай ішіндегі маңызды оқиғаларға ашық-субъективті түсіндірме береді. Көбіне қарапайым жаңалықтарға қарағанда дәл осы бағдарламалар объективтікке көбірек ұмтылады, себебі баланс сақтау маңызды.

Бізге ұстаздарымыз журналист «екі жақты» көзқараста болу керек деп үйреткен. Журналист толықтай объективті бола алмайды. Біріншіден, журналистік этика кодекстерінде жазылған талаптар шындыққа сәйкес келмейді және публицистер тәжірибесінде орындалмайды. Атап айтқанда, бұл журналистиканың объективтілігі туралы идеалданған пікірге қатысты. Екіншіден, журналисттің мамандығы бастапқыдан субъективті, өйткені ол бірінші кезекте өзінің өмірлік ұстанымы бар тұлға болуы тиіс. Үшіншіден, субъективтілік жанрларының жүйесімен де мойындалады. Мысалы: комментарий сияқты жанрда публицист ұстанымы басты рөлді атқарады. Төртіншіден, журналист өз ұстанымдары мен көзқарастарын жариялайтын болса, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі тиіс. Әйтпесе, аудитория қасақана манипуляциялаудың нысанына айналады. [2.192]

Қазіргі журналистикадағы объективтіліктің жағдайы қолданыстағы тәжірибеге қарағанда, нормативтік декларация түрінде ғана сақталуда. Журналистика әлеуметтік рефлексия нысаны емес, қоғамдық санаға, аудиторияның пікірі мен мінез-құлқына әсер етудің әмбебап құралы ретінде қолданылады. Барлық журналистер тәжірибесіне,

физикалық жағдайына, біліміне және т.б. факторларға байланысты өзгеше келеді. Тиісінше, олардың объективтілік туралы түсініктері де әртүрлі. Журналист материалдың тақырыбын, фактілерді өз көзқарасы негізінде таңдағандықтан оны белгілі бір ретте субъективті десек те болады.

Соңғы уақытта аналитикалық хабарлар пайда болғандықтан, объективтілік теориясы бейтараптық шеңберінен алыстап, субъективтілікке бет бұрды. Басқаша айтқанда, журналистикада субъективтілікке жол беріле бастады. Аналитикалық журналистиканың пәні – өзекті қоғамдық құбылыстар, оқиғалар, жағдайлар. Мұндай материалдардың көлемі үлкен, өйткені екі-үш абзацта болып жатқан оқиғаның мәнін ашып, «ақиқатқа дейін жету» мүмкін емес. Ақпараттық журналистикада фактілер ғана маңызды болса, аналитикалық журналистикада автордың фактілерден туындаған ойы мен эмоциялары маңызды. Тиісінше, бұл субъективтілік ұғымының айқын көрінісі.

Аналитиканың ерекшелігі – бір ақпаратқа қосымша ақпараттардың қосылуында. Ал жаңалықтар бір ақпарат негізінде ғана құрылады. Яғни аналитикаға талаптар екі есе күшейеді. Егер жаңалықтар шығарылымында талдаудың белгілі бір үлесі бар ақпарат жарияланса, ақпараттық- сараптамалық бағдарламаларда бірқатар дәлелдерді түсіндіріп, жалпылама талдау нәтижесін көрсетіп, зерттеп, кейде болжам жасау қажет. Жаңалықтар шығарылымдарында кез келген жағдайда субъективтіліктің белгілі бір үлесі бар. Онда журналист пен жүргізушінің шығармашылық үдерісі, арнаның ерекшеліктері ескеріледі.[2.165] Мұның бәрі объективтілікке тікелей әсер етеді. Аналитикалық бағдарламалардың үлкен проблемасы, әрі басқа қырынан қарастырғандағы артықшылығы – оның белгілі бір дәрежедегі субъективтілігі. Әр арнаның бағдарламасын бақылай отырып, өзі туралы, саясаты мен ерекшелігі туралы айтуға болады. Тәжірибелі көрермен түрлі арналарда бірнеше хабарларды көреді. Ол оларды салыстыра отырып, өз қорытындыларын жасайды. Нәтижесінде өзінің жағдайға байланысты көзқарасын қалыптастырады. Аналитикалық бағдарламалар ақпараттың өзектілігін ескереді. Рейтинге жұмыс істегендіктен, қоғамның сұраныстарына жауап беру – олардың мүддесі.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары үлкен маңызға ие. Бірақ адамдар бір оқиғаны талқылай отырып, әр түрлі дереккөздерді, әр түрлі фактілерді келтіреді. Бұл көрермендердің хабардарлық деңгейіне емес, ақпаратты кімге және қалай ұсыну тиімді болуына байланысты. Әрбір ақпараттық агенттіктің артында белгілі бір демеушілер тұратыны мәлім. Ал олардың мүдделері агенттіктердің жұмысында ескеріледі. Бір ақпарат әр арнада әртүрлі хабарланады. Сондықтан журналист өз жұмысы барысында көптеген факторлардың қысымын сезінеді. Бұл материалды басқа қырынан көргісі келетін редактордың ықпалы, дәстүрлер, қоғамда қалыптасып қалған қағидалар және т.б. себептер болуы мүмкін.

Жедел, жан-жақты, егжей-тегжейлі баяндайтын «Жеті күн» бағдарламасы бұл мәселеге келгенде кейде субъективті көзқарасын айтып қалады. Елдің бас телеарнасындағы қорытынды бағдарламаны кәсіби журналистер тобы аптаның оқиғаларына өз көзқарасын ұсынып, «бәлкім, былай жасағанда басқаша болар ма еді?» деп хабар барысында «сезімге» беріледі. Саясат, экономика, мәдениет, спортты қамтитын аптаның маңызды оқиғалары, қызықты фактілер, егжей-тегжейлі сұхбаттар, саяси шолушылардың авторлық көзқарасына шолу жасайды. Еліміздің түкпір- түкпірінен репортаждар, эксклюзивті сюжеттер мен түсініктемелер, әр шығарылымда тарихи және өзекті тергеулер жүргізеді.[3]

Ұлттық арнаның «Арта» ақпаратты-сараптамалық бағдарламасы – ел мен әлемдегі бір апта бойы болған саяси-экономикалық, әлеумет, мәдениет, руханият кеңістігіндегі хабарларды талдап жеткізеді. Әрине, талдап, сұрыптап, әр түрлі дереккөздерді келтіре отырып субъективті көзқарасқа ауысады.

«Аптаптың» сөзге тиек ете кететін тағы бір артықшылығы «Хабар» телеарнасының «7 күні» сияқты билік орындары сөз еткен мәселелерді ғана қарастырмайтындығында. Ондағы журналистер ел арасында өзекті болып жүрген мәселелерден, соңғы

жаңалықтардан сюжет жасайды. Қоғамның өмірі мен пікіріне бейжай қарамайтындықтан, бұл бағдарлама көрермендер ықыласына ие болған.

«7 күн» демекші, бұл ақпараттық-сараптамалық бағдарламаға креатив пен еркіндік жетіспейтін сынды. Жүргізушісі Ринат Кертәев біреу дайындап берген мәтінді оқи ма, әлде сюжеттердің кескініне сай өзі жаза ма – беймәлім. Алайда бағдарламаның тілі тым қатаң. Ресми стильге басымдылық беріледі. Көрерменнің қабылдауы түгіл, мұндай мәтінді оқудың өзі ауыр. Себебі, бір мезетте қаншама көркем сөзбен көмкерілген сөйлем тек газет бетінде жарасымды көрінеді. Ал көрермен оны естіп қана қоймай, қорытып үлгеруі тиіс.

«7 күннің» басты кемшіліктерінің бірі – объективтіліктің жетіспеуінде. Мәселен, 29 қыркүйектегі көрсетілімінде ресми хабарларды баяндап болған соң, бағдарламаның ширек бөлігін бакуат жандар алып жатқан әлеуметтік көмек пен көп балалы аналардың ереуілдеріне арнады. Сюжеттің бастапқы бөлігінде тілші ереуілге шыққан көпбалалы аналарды сөгіп, кінәласа (жағдайды ушықтырып, жолдарда кептеліс жасайды), психолог оның ойын (көтеріліске балалармен қатысады, оларды жауапқа тарту керек) әрі қарай жалғап кетті. Бір сөзбен айтқанда, бұл сюжеттің негізгі идеясы: «мұндай әйелдер тегін баспананы, керек болса, тіпті, астанамыздағы баспананы беруді талап етеді; басқа жандар қоныс аудару бағдарламасына қатысып, үйлі болады, не кезекке тұрады». Десек те, көтеріліске шығып жүрген сол аналардың біреуіне де сөз берген жоқ. Тиісінше, екі тараптың ойы толық қамтылмаған материал шикі күйде қалды.

Ал ерекшеліктеріне келер болсақ, «7 күн» басқа бағдарламаларға қарағанда саясатқа ең көп уақыт бөледі. Әрине, әлеуметтің мәселесіне де тиісті назар аударса, артық болмас еді. Себебі, бағдарламаның хронометражы 1 сағатты құрайды.

«Astana TV» арнасындағы Жайна Сламбек жүргізген «Біздің уақыттың» тілі «7 күн» бағдарламасымен салыстырғанда қабылдауға жеңілдеу. Бұл бағдарламаның бір ерекшелігі – Жайна Сламбек аңдатпаны екпіндеп оқып бастап, сыбырлап аяқтайтындығында. «7 күн» сынды бұл да, негізінен, билік органдары көтерген мәселелерді қамтыған. Алайда көтерілген мәселелердің «шеңберінен» шығып, кең қамтуға тырысатыны байқалады.

Жайна Сламбек бір сұхбатында тақырыпқа байланысты әрдайым өзі ізденіп, тапсырма артылған тілшіге қандай материалды, қай ракурстан көргісі келетінін хабарлайтыны жайлы айтқан. Журналистика қағидаларына сай, ақылсуға, көсемсуге болмайды. Дегенмен, айтылар ойды ирония мен сарказмға салуға ешкім шектеу қоймаған. Жайна Сламбек «Біздің уақытта» бұл тәсілді шебер пайдаланады.

«Біздің уақыттың» кемшіліктерінің бірі – шоу элементінің кездеспеуінде. Иә, жүргізушінің интонациясы, сөздері – бәрі ғажап, десек те бүгінгі таңда көрермендердің көп бөлігі күйкі тіршіліктен шаршаған, теледидарды тек сергу мақсатында көретін жандар. Бұл орайда «Біздің уақыттың» жүргізушісі бір орында отырып сөйлейтіні және тілші репортаждарының өзі көрерменді еліктіре алмайтыны білінеді. Ал қоғам өмірін талқылайтын мұндай бағдарламалар аудиторияны қызықтыра алуы тиіс. Бағдарламаны біраз уақыт бойы ұстап тұрған жүргізуші имиджі десек те, жаңылыспаспыз.

Осы уақытқа дейінгі ең елеулі өзгерістер «Арта» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасына тиесілі. Эфир тізгінін ұстаған Мейіржан Әлібекұлы ҚазТРК-нің Жамбыл облысындағы филиалын басқаруға кетіп, оның орнына «Біздің уақытты» жүргізген Жайна Сламбек келген. Телеарна ауыстыру жүргізушінің стиліне әсер етпепті. Баз-баяғы қалпында, дәл сол дауыс ырғағымен, эфирді эмоцияға лық толтырып, әр сөйлемін сол эмоциялы екпінмен бітіріп жүр.

«Арта»-ның түсірілім тәсілдері бұл жанрдағы басқа бағдарламалармен салыстырмалы түрде біршама озық. Инфографика мен анимация деңгейі де қуантпай қоймайды. Студияға сыноы мүмкін емес дүниелерді анимация көмегімен беру тәсілі жиі қолданылады. Мәселен, 27 қазанда астанамыздың әлі күнге дейін газға тартылмай отырғандығы жайлы сюжет шықты. Сюжеттің алғысөзі өте креативті беріліп, студияны көк түтін басты. Ал 29 қыркүйекте Президенттің АҚШ-қа сапары жайлы айтқан кезде Ақ үйдің макетін көрсетті.

«Апта» көбінесе материалдарын теңестіріп, объективтілікті сақтауға тырысады. Бірақ көпбалалы аналардың ереуіліне қатысты тақырыпты ұлттық арна да «Хабар» арнасының сюжетіндегідей шығарды. Ашынған аналарды масылға балап, олар жайлы мейлінше ұзақ айтқанымен, сол аналардың ешбіріне сөз бермеді. Әрине, бағдарламалардың арасында объективтілікті 100 процентке қамту мүмкін емес. Бірақ екі тарапты тыңдау – журналистің міндеті.

Бақылауымыздың негізінде көрермен асыға күтетін ақпараттық- сараптамалық бағдарламалардың тізгінін – «Еуразия – 1» телеарнасындағы «Басты бағдарлама» мен «QAZAQSTAN» ұлттық арнасындағы «Мәселе» ұстап тұрғаны мәлім. Бұл екі бағдарламада да журналистердің ізденімпаздығы, креативтілігі, еркіндігі байқалады. Олар көбіне сюжет тақырыбына қатысты хайп жасап, сан түрлі агрессиялық сипаты басым әрекеттерге де барады. Бастысы – көрермендерді бейжай қалдырмай, эмоция тудырады. Айтылған дүниелерді, көрсеткен сюжеттерді жетер жеріне жеткізуге талпыныс жасап, нәтиже көрсетуді көздейді. Көрерменді жаңалық көруге шақыру ұйқыдан оятумен парпар болса, бұл бағдарламаның жүргүзшілері оларды сыбырлап, түрткілеп емес, жұлқылап, тартқылап, оятпай қоймайды.

Жалпы, отандық арналардағы журналистердің жаңалықты хабарлауына, белгілі бір оқиғаны зерттеп, саралауына, сараптап көрсетуіне байланысты, әрине, ешқандай дау айта алмаймыз. Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалардың жанры бір болғанымен, әрқайсысының сипаты бөлек. Бірінші кезекте бұл құбылыс телеарна идеологиясына, ал екіншіден, жүргізушісі имиджіне байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Десять интервью о политической журналистике: сборник интервью/ под ред. Л.Л. Реснянской. -Москва, 2001. – 79 с.
2. Роцин С.К. Психология и журналистика. - Москва: Наука, 1989. – 192 с.
3. <https://khabar.kz/kk/zhoba-turaly-zheti-kun>
4. <https://qazaqstan.tv/projects/apta/>
5. Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – Москва: Аспект Пресс, 2000.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ

Баяхметова С.Ж.,

мұғалім

«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы ЖББМ» КММ

Бұқар жырау ауданы

Қазақстан

Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ баспасөзіне қосқан зор үлесін зерттеу айтарлықтай ерекше маңызға ие. Себебі, өзі өмір сүрген тұста халқына қолдау білдіріп, барынша оқуға, білімге шарқып, елінің болашағына алаңдауын баспасөз беттері арқылы танытып отырған. Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөздерінде еліміздің елдігінің басты сипаты- мектеп, білім, оқыту мәселесі, ұстаз тұлғасы, оқулық жайлы мейлінше көбірек тоқталған. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі ғылымына, қазақ баспасөз ғылымына салып кеткен сара жолы еш уақытта өзектілігін жоймайтын мәселе болып табылады.

1913 жылы Орынборда «Қазақ» деген газет ұйымдастырып шығарады. Сайып келгенде, бұл газет халықтың жүрегіндегі, тұрмыс –тіршілігіндегі, ой-қиял дүниесіндегі ең асыл, ең мұқтаж, ең көкейкесті мәселелерін тереннен қозғайды [1].

Қазақстанның баспасөзі мерзімді баспасөз түрінде ХІХ ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Аталған кезеңде ең алғаш 1870-1882 жылдары «Түркістан уалаятының газеті»